

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының бас жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 127 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 1362 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.12.2014 № 1362 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының Орал қаласын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының бас жоспары бекітілсін.

2. "Орал қаласын дамытудың бас жоспары туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 30 қыркүйектегі N 443 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 0 а қ п а н д а ғ ы
N 1 2 7 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Орал қаласының бас жоспары

1. Бас жоспардың міндеті

Орал қаласының 2015 жылға дейінгі есепті мерзімге арналған және 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді болжамды Бас жоспары (тұжырымдама) қаланың тіршілік етуі мен тұрақты дамуына қолайлы жағдай жасау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғатты және мәдени мұраны сақтау мақсатындағы Орал қаласының қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі қ ұ ж а т ы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бас жоспар - қалалық инфрақұрылымның дамуы, табиғи кешен аумақтарын

сақтау және дамыту, тұрғын үйлерді қайта жасақтау және өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру, қоғамдық, іскерлік және мәдени орталықтарды, туризм мен демалыс объектілерін дамыту, кешенді көркейту және қалалық ортаны эстетикалық ұйымдастыру, Орал қаласының әкімшілік аудандары аумақтары мен басқа да аумақтық бірліктерін дамытудың қала құрылысы жоспарларын әзірлеу мен іске асыруға арналған алғашқы кезектегі және перспективалық бағдарламалар жасау және жүзеге асырудың негізі.

2. Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері Демография

2015 жылға дейінгі болашақ демографиялық үрдістердің динамикасы қоғамдық дамудың дәстүрлі қалыптасқан барлық факторларының, сонымен бірге қоғам өміріндегі жаңа қалыптасып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің әрекеттестігінен анықталады.

Орал қаласының демографиялық дамуының сипаты халықтың табиғи және миграциялық қозғалысымен анықталып, оның көлемі мен бағыты келесі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесімен байланысты болады:

қаланың экономикалық потенциалының дамуынан;
тұрғын-үй нарығының дамуынан;

жұмыспен қамтылуы және еңбектің төленуі деңгейінен;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясаттан және басқа факторлардан;

Еңбек теңгерімі әдісімен жүргізілген есеп қала халқы санының 2015 жылы 270 мың адамға дейін өсетінін белгіледі. Қаланың 2000-2001 жылы қалпына келтірілген экономикалық әлеуеті адам санының жалпы өсімін 50 мыңға дейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қала халқының 2001-2015 жылдарға дейін 2016-2030 кезеңге арналған өсу қарқынының экстраполяциясы халықтың жобалық санын 350 мың адам деңгейінде жоспарлайды.

Азаматтық-тұрғын үй құрылысы

Тұрғын үй ортасын жинақты қалыптастырудың негізгі бағыты тұрғын үймен қамтамасыз етуді орта есеппен 1 адамға 23,66 шаршы метрге жеткізу, қаланың жалпы тұрғын үй қорын 6,4 млн. шаршы метрге өсіру. Құрылыс бос жатқан аймақтарда, ескі тұрғын үйлер орындарында жүргізіледі және бұрынғы жүргізілген құрылыстар шоғырланады. Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі бүкіл мерзімдегі жалпы тұрғын үй көлемінің 27% құрайды.

Тұрғын үй ортасының дамуы Солтүстік-Шығыс аудандағы және жоспарланған Орталық ауданның солтүстік бөлігінде көп қабатты кешендер құрылысын аяқтауға бағытталады. Мұнда муниципалды тұрғын үй тұрғын үй қоры, айырбас қоры құрылады, сонымен қатар ипотекалық құрылысы өркендейді

. Солтүстік-Шығыс жоспарланған ауданында негізінен, күрделі құрылыстан бос аумақтар орналасқан. Орталық бөліктегі көп қабатты кешен құрылысының қажеттілігі ұсақ ауданда үй-жай құрылысының бұзылған құрылымымен жүйесіз, жобалау құжаттардың контексінен тыс магистральды инженерлік жерлер салу, жекелеген бес қабатты тұрғын үйлерді орналастыру болып табылады. Сонымен қатар, бұл аумақтардың жоғарғы қала құрылысы құндылығы мұнда ипотекалық тұрғын үй салудың тиімділігін көрсетеді.

Жеке тұрғын жайдың сапасы мен тығыздық сипаттамалары және аса ірі масштабты құрылыста қала құрылысы талаптарын біріктіретін блоктардан шағын қабатты үйлер құрылысына басымдық беріледі.

Бұл құрылыс композициялық жағынан аса маңызды жерлерде бас магистральдар бойындағы құрылыстарды аяқтау үшін және табиғи-ландшафт жағынан құнды аумақтарда ескі үй-жайларды бұзу, сонымен қатар сол мекенді біртіндеп өзгерту арқылы жүзеге асырылады.

Экономикалық қызметі

Орал қаласы экономикалық қызметінің салааралық құрылымын қайта ұйымдастыру ұсынылады, оның ішінде:

ғылым, білім, мәдениет және жоғарғы техникалық өнеркәсіп рөлін сақтау; өнеркәсіптің, іскери және әлеуметтік инфрақұрылым, туризмнің салаларын дамытуды ынталандыру;

экологиялық қауіпті және қуатты өндірістерді қайта ұйымдастыру.

Материалды өндірістің салалық аясын қайта құрылымдауды жүзеге асыру ғылыми және қор сақтаушы технологиялар пайдасына жүргізу ұсынылады.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторлары бұдан әрі тиімді үйлестіру және өзара бірлесе жұмыс жасауды жоспарлануда.

Қаланың рекреациялық инфрақұрылымы

Қаланың экономикалық қызметінің жаңа саласы - туризмге қызмет етуге арналған рекреациялық инфрақұрылымдарды дамытудың кешенді қалалық бағдарламасын Орал қаласының тарихи-мәдени мұраларының және қоршаған бірегей табиғатының әлеуетін пайдаланушы, тарихи мұралар мен табиғи әлеуетті сақтау, жаңғырту және қайта жасақтаудың қаржылық мәселелерін түбегейлі шешетін қала экономикасының жаңа тиімді секторын құру мақсатына арналған.

Бағдарламада мыналар қарастырылған:

- туристік көрсетілім және спорттық-ойын-сауықтың және сауықтыру, объектілерін дамыту;

- қонақ үйлер желілерін, тұрмыстық-сауда және ақпараттық қамту объектілері

желілерін, туристік бюро, көлік агенттіктерін дамыту;
- темір жол бекетінде, әуежайда туристерді көлікпен қамту жүйесін дамыту, парктер мен арнаулы көліктерге қызмет көрсету және автомобильдерді жалға беру кәсіпорындарын дамыту, туристік аймақтарда автотұрақ сыйымдылығын ұлғайту.

3. Орал қаласы бас жоспарының мақсаты

Орал қаласы қала құрылысы дамуының басты жоспарының мақсаты - қаланың тұрақты дамыту, орталықтардың қазіргі және болашақ ұрпағының өмір сүруі үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету былайша с и п а т т а л а д ы :

- тіршілік ету ортасының экономикалық қауіпсіздігі және табиғи кешенінің о р н ы қ т ы л ы ғ ы ;

- қала құрылысы шешімдерінің мәдени сабақтастығы, кеңістік бірлігі, әсемдік м ә н е р л і г і ;

- көлік және инженер инфрақұрылымдардың қауіпсіздігі мен беріктігі;

- тұрғын үй мәселесін шешудің кешенділігі, тұрғын үй аумақтарын дамыту мен қайта жаңғырту және тұрғын ортаны қалыптастыру;

- өндірістік аумақтарды қолдану тиімділігі;

- қоғамдық орталықтар жүйесінің дамығандығы және қолжетімді болуы.

Көрсетілген мақсатқа жету Орал қаласының аумақтарын көркейту қайта ұйымдастыру, құрылыстың қайта жаңарту, тіршілік әрекетінің сапалы сипаттамаларын арттыру арқылы жүзеге асуы тиіс.

Экологиялық талаптар

Орал қаласы қала құрылысын дамытудың экологиялық талаптарына мыналар ж а т а д ы :

- экологиясы жайсыз аймақтарда тіршілік ету ортасын сауықтыру;

- қолда бар табиғи кешен аумақтарын жағымсыз әсерлерден қорғау, сонымен қатар, резервтік аумақтарда жаңа жасыл массивтерді қалыптастыру;

- тіршілік ету орталарының жайлылығын арттыру, оның ішінде қаланың тұрғын үй және қоғамдық аумақтарында көгалдандыру аумақтарды көгалдандыру, сондай-ақ мезоклиматтық және микроклиматтық жағдайларды ж а қ с а р т у .

Орал қаласы қала құрылысын дамытудың экологиялық талаптарын орындауға қажетті жағдайлар:

- энергетика саласына экологиялық таза, қалдықты аз шығаратын және қалдықсыз технологияларды енгізу;

- сұйытылған және сығылған газбен жүретін автомобильдердің санын көбейту арқылы пайдаланылатын мотор отыны түрлерінің құрылымын өзгерту;
- ауыз су сапасы стандарттарының сақталуын, өндірістік және коммуналдық ағынды суларды және сыртқы науаларды тазартуды қамтамасыз ету;
- үздіксіз қозғалысты автомагистральдарды салу;
- жүк көлігі және аралас қозғалыс басымдығындағы айналма автомагистральдарды салу;
- өндірістік және тұрмыстық қатты қалдықтарды толықтай өңдеу және залалсыздандыру.

Аумақты қорғау және қаланың тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ету шаралары

Тұрақты жұмыс істеуді арттыру және Орал қаласы тұрғындарын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау мақсатында жобада төмендегідей қала құрылысы шаралары қарастырылған:

- қала аумағын аса нақты аймақтандыру;
- ірі қойма терминалдары мен материалды-техникалық жабдықтау базаларын қоныстандыру аймақтарынан шығару және теміржолдардың бойына орналастыру ;
- төтенше жағдайлар болған кезде тұрғындарды көшіруге қолданылатын өзен жағалауларын көгалдандыру ;
- көше-жол желісін әрі қарай дамыту және оның негізінде жалпы қалалық тұрақты қызмет желісін құру .

"Қазақстан Республикасындағы қала салу жобаларын келісу және бекіту, өңдеу ретінде, құрамы жөніндегі нұсқауларға" сәйкес бас жоспардың құрамында аймақты инженерлік қорғау бөлімі мен сызбасы игеріледі. Орал қаласының бас жоспарының осы бөлімі мен сызбасында қала аймақтарын Жайық, Шаған және Деркүл өзендерінің тасқын суларының су басуларынан қорғау және Жайық пен Шаған өзендерінің жағаларын бекіту жөнінде ұсыныстар берілген және сарапталған. Мысалы, жағалауды 10 км темірбетонмен бекіту, 3 км шпунтты тақтай қабырға, 8,7 км жағалау құрылысы ұсынылады. Аймақтарды тасқын сулардың су басуынан қорғау мақсатында 5,95 км жерді опырып бөгеттер жасау, 2,6 км темірбетон бекінісі ұсынылады. Ұсынылып отырған жаңа бөгет және бұрынғы бөгетті тасыған судың ең көп шығынына сәйкес деңгейден 0,3 м биіктікте жобалау көзделіп отыр. Жоғарыда аталған іс-шаралар түсіндірме жазбада (3-кітап 218-222 беттер) сызбасы шикізат кестелер альбомында " Аумақты инженерлік дайындау" сызбасында суреттелген. Бас жоспарда ескі және істен шыққан тұрғын үй қорын ығыстыру қаланың негізгі магистральдары

бойында көп қабатты тұрғын үйлер салу, шағын қабатты үйлер салуды дамыту ұсынылады. Қаланың орталық бөлігі Достық даңғылы, Фурманов, Шаған жағалауы, Әйтиев көшелерінің бойында алғашқы салынған аудандар, Жайық пен Шаған өзендерінің бағалы аймақтарын қазіргі уақытта жоқ болып отырған Орал қаласының өзен фасадын қалыптастыру құрылысын табиғи зерттеулер көрсетті. Резервтегі аумақтар ретінде зардап шеккен тұрғындарды уақытша орналастыру үшін Желаев өндірістік аумағында Кутяков көшесінің жалғасында шығыс бағыттағы бос жатқан аймақтар беріледі. Екінші нұсқасы (тұрғындар уақытша орналастырылады деп есептеп) С. Датов, Шолохов көшелері және бас жоспар авторының зоопарк салуға ұсынған үшбұрышы. Резервтегі жылу мен қуатпен қамтамасыздандыру көздерін орналастыру учаскесі ретінде 2 нұсқа (бас жоспарға сәйкес, 4-кітап 161-бет) ұсынылады.

Негізгі - қаланың солтүстік-шығыс бөлігіндегі қуаты 160 Мвт газтурбинді қуат стансасы құрылысына бос жатқан аймақтағы бұрыннан бар, газкомпрессорлы стансасы ауданы ұсынылады.

Резервті - қаладан Атырау тас жолына шығатын газтурбинді қуат стансасы құрылысы "Уральская-220" шағын стансасы бар аудан. Соңғы нұсқада қалаға дейін жылу құбырын жүргізу қажет болады.

Тұрғындардың барлық санаттарын (мүгедектерді және шағын топтарды қоса есептегенде) тиімді жағдайларымен және мүмкіндік құралдарымен қамтамасыз ету өте төменгі сатыда қаралуда. Соның ішінде жеке кіру есігі мен бөлме, аса қажетті пандус сияқты элементтерді қарастыратын тұрғын үй мен әлеуметтік мәдени объектілер жобалары бар. Бас жоспарды игеруде авторлар тұрғындар үшін мүмкіндік құралдары мен тиімді жағдайларды ескеріп, тұрғын аудандарды мен өндірістік аумақтарды тиімді және ыңғайлы дамыта отырып орталықтың тармақталған жүйесін және дамыған көше-жол торабын ескерген.

Орал қаласының бас жоспарын игеру деңгейінде авторлар "Қазақстан Республикасындағы қала салу жобаларын бекіту және келісу, өңдеу ретінде, құрамы жөніндегі нұсқаулары" көлемінде ҚР ҚҚЖЕ 3.01-01-2002 "Қала құрылысы. Қалалық мен ауылдық жердегі құрылыс және жобалауға" сәйкес тұрғындарды әлеуметтік қорғау мен мүгедектерді және басқа да шағын топтарды емдеу мен сауықтыруға ерекше көңіл бөледі. Тұрғындардың демографиялық құрамы болжамы және жыныстық жас құрылым сараптамасын ескере отырып бас жоспарға сәйкес құрылыстарын салу ұсынылады:

- еңбек және соғыс ардагерлері мен қарттар үшін интернат-үйлер;
- дене кемістігі бар ересек мүгедектер үшін интернат-үйлер;
- психоневрологиялық интернаттар;
- ақылы кеміс балаларға арналған интернат-үйлер;
- Ұлы Отан соғысы ардагерлерді мен жалғыз бастыларға арналған арнайы

үйлер мен пәтерлер топтары:

- мүгедектерді сауықтыру орталығы;
- медициналық-әлеуметтік сауықтыру орталығы ұсынылады.

Деркүл ауылындағы қарттар үйлерін жаңа заман талабына сай қарттарға арналған қалашыққа айналдыру жоспарланып отыр.

Тарихи-мәдени мұраларды қайта қалпына келтіру мен сақтауға қойылатын талаптар

Орал қаласы құрылысы дамуының негізгі бағыттары қаланың тарихи-мәдени мұраларын сақтау және қайта қалпына келтіруде төмендегідей талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

- қала құрылысы және сәулет құралдарымен көше, алаң және кварталдардың тарихи желілерін, қала құрылысы жарасымдылығының тарихи жүйесін, жылжымайтын мәдени ескерткіштер, құрылыс және жайландырудың тарихи сипатын қоса алғанда, қаланың барлық тарихи табиғи-ландшафтық, жоспарлы, композициялық, қазба негіздерін сақтау, айқындау және назар аудару;

- тарихи қалпын басқаларына қарағанда жақсы сақтаған кварталдар мен көшелерге "қорық аумағы" мәртебесін беру;

- жылжымайтын мәдени ескерткіштер аумақтары үшін көрсетілген аумақтар мен аймақтарда қала құрылысы қызметін реттеудің режимдері мен шекараларын белгілейтін оларды қорғаудың құқықтық қала құрылысы кестесін белгілеу және сақтау;

- тарихи табиғат ландшафттарды қорғау аймақтары үшін көрсетілген аймақтың шекараларын және осындай ландшафттарды қорғауды және көзбен қабылдауға тиімді жағдайларды қамтамасыз ететін шекаралар шегінде қала құрылысы қызметін реттеу режимдерін белгілейтін құқықтық қала құрылысы кестелерін белгілеу және сақтау;

- жылжымайтын мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру және қайта өңдеу, анықтау және есепке алу жұмыстарының көлемін көбейту.

Табиғи кешен аумағын дамыту мен сақтаудың негізгі бағыттары

Орал қаласының табиғи кешені табиғатты сақтау, рекреациялық, сауықтыру және басқа функциялардан, соның ішінде қала ортасын қазіргі заман келбетіне сай жасау, оған су кеңістіктерін және көгалданған жайылма шалғындардың, орман алаптарының, барлық табиғат ландшафтарының, өсімдіктер мен су нысандарының жиынтығын құрайды.

Табиғи кешен аумағын сақтаудың және дамытудың негізгі бағыттары

төмендегідей мәселелерді қарастырады:

- Орал қаласы және қала маңы аймақтарындағы табиғат кешенінің тұтастығын сақтау;

- қала құрылымында көгалдандыру элементтерін құру;
- әртүрлі иерархиялық деңгейдегі рекреациялы аймақтарды қалыптастыру;
- қаланың дамуының бас жоспарын дайындау кезінде қала аудандарын және нақты аумақтарды бөлшекті жоспарлау жобасына бұрыннан бар табиғи кешенді барынша сақтай отырып, жобалардың экологиялық бөлімінің талаптарын ескерту ;

- табиғи кешеннің аумағын ұлғайту.

Аумақтың сәулеттік жоспарын ұйымдастыру

Бас жоспарда қаланың әрі қарай дамуы негізінен қала ішінде, қалаішілік аумақтарды қарқынды қолдану арқылы қарастырылады. Осыған орай, қаланың қызметтік құрылымын негізгі үш магистраль түрінде ұйымдастыру арқылы күшейту қарастырылған:

- **солтүстік бағыт** - екі құрамдас бөлігімен Кутяков көшесі бойымен - Кутяков көшесінен С.Тюленина көшесі бойымен Самарское және Евразия даңғылы бойымен және Кутяков көшесі Бузулук трассасымен;

- **оңтүстік-батыс бағыты** - екі құрамдас бөлігімен Зашаған Саратов трассасы бойымен батысқа қарай;

- **оңтүстік бағыт** - Атырауға.

Бұның өзінде қала орталығымен байланыс Пугачев көшесі мен Евразия даңғылының жаңа жалғасымен жүзеге асырылады. Қайтадан жаңғыртылған Айтиев көшесі (қоғамдық пайдалану магистралы) Пугачев көшесіне шығатын Кутяков көшесінің жалғасы болуы тиіс. Қаланың солтүстік бөлігінде төрт жоспарлы аудан: Солтүстік, Солтүстік-шығыс, Шығыс, (теміржол магистралының оң жағы) және жаңа жоспарлы Мичурин ауданы дамып келеді. Басқа да жоспарлы аудандар - Зачаган және Деркөл қаланың негізгі бөлігінен Шаған өзені жайылмасында ландшафты-рекреациялық аймақ арқылы бөлінген. Шығыс жоспарлы ауданын қайта құруда қала құрылымына жергілікті жердің басты табиғи ландшафт элементі - бұрын қала құрылысы концепциясында қолданылмаған Орал өзенін ендіру қарастырылған. Осы мақсаттарда қала ішін кеңейтіп, өзен жағалауынан және қалаға кіреберіс жағынан оның сыртқы келбетін көркейту жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр.

Жалпы қала орталығын және қол жетімділігін дамытуға қол жеткізу - қаланың жаңа көлік кестесін дамыту (Айтиев, Фурманов, Кутяков көшелеріндегі), қазіргі көліктік және байланыс жүйелерін дамыту, сонымен қатар жалпы

қалалық орталықтың солтүстік бөлігінде көліктік-аялдамалық торапты қайта жөндеу арқылы жүзеге асырылады.

Зачаганск кентінде Анисимов көлі аумағында ботаникалық бағы бар рекреационды кешен негізінде жоғарғы оқу орны орталығын дамыту қарастырылуда. Деркөл кентін нашакорлықтан сауықтыру орталығы және қарттар үйі орналастырылатын негізгі медициналық орталыққа айналдыру белгіленеді.

Талдау және ұсынылған бас жоспар жобасында берілген қала құрылысы бағалар қорытындыларына сәйкес, төмендегі негізгі қалыптасқан: солтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс бағыттарды дамытуға басымдық берілген. Бұның өзінде Зачаганск кентінде Атырау және Самара трассаларының екі жағымен құрылыстардан бос аумақтарды қоныстану аумақтарына айналдыру қарастырылған. Деркөл кентінде теміржолдың батыс және оңтүстік беттеріндегі ағаштарды кесіп, жаңа құрылыс жерлерін дайындау көзделеді. Зеленов ауданы аумағында орналасқан Мичурин кентін Орал қаласына қосу арқылы қаланың оңтүстік және солтүстік аумақтары кеңейтіледі.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Қоғамдық аумаққа қызмет көрсету, мәдениет, демалыс, туризм, білім, әкімшілік және іскерлік саладағы жұмыс орындарының негізгі тобы шоғырланған, ол қала аумағының негізгі функционалдық және архитекторлық-өндірістік шоғырлану сұлбасын құрайды.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары төмендегілерді қарастырады: жалпы қалалық қоғамдық орталықтар аумақтарының бір жүйелілігін дамыту, тұрғындарға қызмет көрсететін орталықтардың көп функционалды жүйесін дамыту.

Қала қоғамдық орталықтарының болашақ құрылымын ҚҚО-тың бос элементі ретінде орталық, сонымен бірге жоспарланған аудан орталықтары, қаланың маңызды көліктік-байланыс желілері құрайды.

Қала орталықтары жүйесінің (ҚҚО және мамандандырылған) ерекшелігі - оның қаланың бар аумағына әсер етуі оның топтық жүйеде орналасуы.

Қаланың орталығының жетекші қызметі бұрынғыша әкімшілік-іскерлік және мәдени-ағартушылық қызметтер болып қалуда, мәселен, Орал қаласы бұрынғыша облыстық саяси-әкімшілік және қоғамдық-мәдени орталығы ролін атқарады. Қала орталығының басты кіндігі, әкімшілік-іскерлік орталығы болып қалыптасқан Достық-Дружба даңғылының бойы ашық қоғамдық кеңістікті жетілдіру мен қаланың басты форумын орналастыруды акценттендіру, сәулет доминанттарын қалыптастыру арқылы дамитын болады.

Орал қаласы аумағындағы қала құрылысын аймақтандыру

Орал қаласының басты жоспарында аумақты қала құрылысын салуды аймақтандыру ҚНЖЕ 207.01-89 "Қала құрылысы" және ҚНЖЕ ҚР Б.1-7.97 сәйкес белгіленеді. Бас жоспар аумақ деңгейінде қала құрылысын салудың кадастрлық секторларында аумақтар деңгейінің пайдаланылу талаптарын белгілейді. Қала аумақтық бірліктерінің магистральды көшелердің қызыл жолақ есебінен шектелген шекарасы, табиғи кешен аумақтары шекарасы, өзге де шекаралар Орал қаласы аумағының қала құрылысы кадастрлық секторы болып табылады.

Қала құрылысын салудың кадастрлық сектордың функционалдық бағыты оның шекарасындағы рұқсат етілген алаң, тұрғындары бар учаскелер, қоғамдық, өндірістік, табиғи нысандардың ара-қатынасына қарай белгіленеді.

Қала құрылысы кадастрлық секторлары аумақтарының белгіленген функционалдық бағыты Орал қаласының қала құрылысы дамуының мақсаттарына, талаптарына және негізгі бағыттарына сәйкес қала құрылысы қызметін жүзеге асыру кезінде қала аумағын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды құралы болып табылады.

Қала құрылысы кадастрлық секторлар аумағының белгіленген қызметтік қолданысы облыстағы қала құрылысы және жер учаскелік қолданудағы шешім қабылдауда жергілікті органдарға міндетті болады. Қала құрылысы кадастрлық сектор аумағының белгіленген қызметтік қолданысына кедергі жасайтын қала құрылысы қызметі ҚНЖЕ 2.07.01-89 "Қала құрылысымен" тыйым салынады.

Қаланың бас жоспарының сызбаларында режимдік шектеу аймақтары ретінде Орал қаласының су қорғау аймақтары мен белдеулері анық көрсетілген.

Жобалау тапсырмасында қала маңындағы аумақтар аймағын бөліп көрсету келісілмеген. Орал қаласының "Қаланың даму тұжырымдамасы" бас жоспарының 1-ші кезеңін қарау кезінде бұл мәселе мұқият зерделенді, жазылды, бұл ретте қала маңындағы аумақтар есебінен, оның ішінде өнеркәсіптік тораптардың теміржол станцияларын, теміржол маңындағы кенттерді игеру мүмкіндігімен Орал қаласы мен Ақсай қаласының өзара жақындасуы есебінен қала дамуы перспективаларының тиісті мүмкіндіктері орындалды және сызбаларда көрсетілді, яғни өндірістік күштерді облыс аумағының негізгі көлік және жүк тасу дәліздерінде бөлу мен орналастыру сызбасын түбегейлі дамытудың ұстанымы жүзеге асырылды. Бұл ретте бұл мәселенің облысты аудандық жоспарлау жобаларының бөлімі болып табылатындығын көрсету қажет, өйткені ол Орал қаласының, сондай-ақ облыстың Теректі және Бөрілі аудандарының аумақтарын игеру перспективасын қарайды.

Деркөл кентінің қаланың ауданы ретіндегі әрі қарай дамуы мәселелерін, қала шеті шекарасын өзгерту ұсынысын есепке ала отырып, Батыс Қазақстан

облысының әкімдігі "Мемауылшаруашылық тәжірибе станциясы" РМК аумағының бөлшегін алу жөнінде Қазақстан Республикасының Жер кодексі талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен шешуді жоспарлап отыр.

Функционалды аймақтандыру және осы аймақтардағы аумақтарды пайдаланудағы шектеулер

Қала аумағын құқықтық функционалды аймақтандыру негізіне, қала аумағын тұрғын-жай құрылысына, өндірістік қойма аумақтарына және рекреациялық аймақтарға бөлуге айрықша талаптар қоя отырып, жинақты экономикалық баға беру жатады.

Егер функционалды аймақтандыру реттелген жүйесі іске асса, онда аймақтандыру экономикалық өсуге дем береді және басқару тиімділігін арттырады.

Бас жоспар және қала құрылысын салудың әзірленген сызбасы қаланы экономикалық аудандарға бөлу қалыптасқан қызметті және олармен байланысты тұрғын үй, өндірістік, іскерлік коммерциялық, рекреациондық, тарихи) сияқты негізгі санаттарды қарастырады және сақтайды.

Аймақтардың дұрыс құрылымы тек функционалды аймақтандыру нәтижесі ғана емес сонымен қатар оң үлгілерді марапаттау және жерді дұрыс пайдаланбауды түзеудің және қала аумақтарының құрылысының саясаты болып табылады.

Елді мекенді аймақтардағы салынған және салынбаған құрылыстардың қатынасы

Бас жоспардың іске асырылуын және оның аумақтық ресурстық мүмкіншілігін талдай отырып, бүгінгі таңда бас жоспардың резерві таусылды, қала шекарасында жаңа құрылысқа арналған аздаған ғана резерв бар деп сеніммен айтуға болады. Қаланың азаматтық тұрғын үй құрылысын салуға арналған бос аумақтар жоспарланған Солтүстік-Шығыс ауданында, сондай-ақ Зачаганск кентінде бар.

Қаланың аумақтық дамуы үшін, жоспарлау жүйесінің шектеу негізін бұрынғыша Жайық, Шаған, Деркүл өзендерінің су басу аймақтары құрайды.

Жоспары шектеулер жүйесімен айқындалатын аумақтық мүмкіндіктерді негізге ала отырып аумақтық дамытудың, бас жоспарда тұрғын үй-азаматтық құрылысты дамытуға арналған құрылыстан бос аумақтардың ішкі резервтерін пайдаланудың әртүрлі үш нұсқасы әзірленді:

1-нұсқа - Зачаганск кенті және Деркөл кенттері

2-нұсқа - Жайық өзенінің оң жағалауы аймағының құрылысы

3-нұсқа - қаланың құрылым негізін және оның әсер ететін аймақтарын қалыптастыратын негізгі жол желілерін дамыту бағытын ұсынады (Шаған өзенінің аңғары).

Өнеркәсіптік-коммуналдық аймақтарды дамыту үрдістерінің өсіп отырғандығын ескеріп, Шығыс өндірістік ауданға қатысты мәселе жаңаша қойылуда.

Аумақты функционалдық қайта бағдарлау есебінен қолайсыз аудандарды түбегейлі өзгертудің аз да болса мүмкіндіктері пайда болуда. Шығыс аудан аумағының бөлігін босатып алу, қала орталығына көлік жақсы қатынайтын тұрғын үй құрылысы үшін ішкі резервтердің бірі болып табылады.

Резервтегі аумақтан жер сатып алу және иеліктен айыру басымдығындағы аймақтар

Көп пәтерлі тұрғын үйлер салу үшін негізгі құрылыс алаңы болып, қаланың Солтүстік-Шығыс ауданы қала бермек. Бүгінгі күнде ол алаңдар болашақта негізгі бөлу алаңы және қаланың орталығымен жақсы көлік байланыс қатынасы бар болып отыр.

Бұрынғыша Зашаған кентіндегі игерілмеген аумақтар жаңа тұрғын үй құрылысы үшін резервтің көпшілік бөлігін құрайды, сонымен қатар шағын қабатты құрылыстар салу үшін қала аумағының резервінен шығарылуға қарастырылған аумақ қазіргі уақытта "Мемауылшаруашылық тәжірибелік станциясының" иелігінде.

Аумақтарды табиғи, техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар

Орал қаласы бойынша өткізілген түгендеу мәліметтеріне сәйкес ауаға және қоршаған ортаға шығарылатын қалдық заттардың көпшілігі мынадай өндіріс мекемелер шығарып отыр: "Орал-Арма" ААҚ, "Жайықжылуқуат" ААҚ, ТЭЦ /жылуқуат орталығы/, Орал локомотив депосы, "Орал Металлист зауыты", Орал қаласының отын қоймасы.

II-III қауіпті санатты мекемелер құрамына мыналар жатады: "Орал-Арма" ААҚ, "Жайықжылуқуат" ААҚ, ТЭЦ /жылуқуат орталығы/, Орал локомотив депосы, Орал "Металлист зауыты".

Ауаның ластануын тексеру шараларының негізінің бірі - осы бір пунктте

өткізілетін ауа сапасының мониторингі болып табылады.

Қаланың ауа бассейнін негізінен автомобиль көліктерінің азот диоксидінің шығымы ластайды. Ластау индексі аз болғанымен Бас жоспар бойынша жобанда ауа ластануын азайту шаралары қарастырылған. Қоныстану аумағында орналасқан мекемелерге "қалдықсыз" өндіріске көшу жөнінде қатаң талаптар қойылып отыр. Металды ыстық күйінде өңдеумен айналысатын зиянды цехтарды қаланың өндірістік аймағына көшіру қарастырылған.

Қаланың бас жоспарында: қаланың қалдықтарын көму, уытты-тұрмыстық қалдықтарды көму полигонын салу жөніндегі қажетті шаралар қабылданған.

4. Көліктік инфрақұрылымның дамуы

Автомобильдік көлік және көше-жол торабы. Бас жоспар жобасында теміржол вокзалы мен автобекеттің құрамынан көлік орталығын құру қарастырылуда. Көше-жол торабының тығыздығы мен өткізу мүмкіндігін көтеру үшін негізгі көшелердің қиылысындағы көлік құрылысын жөндеу көзделген. Теміржол жолымен қиылыстарына жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдері мен Жайық, Деркөл, Крутая өзендеріне көпір салу қарастырылуда. Сонымен қатар, Жайық өзенінің екі жағасымен әуежайды болашақ көпірмен байланыстыратын жаңа автомагистраль құрылысын аяқтау қарастырылуда. Қаланың айналасындағы су магистралы құрылысының жобасын аяқтау қарастырылуда.

Теміржол көлігі. Жаңа бас жоспарда бүгінгі теміржол торабын қаланың Қарашығанақ кешені кәсіпорындарымен байланыс қажеттілігінен туындаған келесі шараларды жүзеге асыру ұсынылады:

- Ақсай-Озинки учаскесіндегі темір жолдарын екінші жол салу арқылы
э л е к т р л е н д і р у ;

- жаңа терминалмен қоса темір жол вокзал кешенін салу;

- келешекте салынып жатқан айналма автожол құрылысы бойымен оңтүстік айналма темір жол магистралын салу;

- көрсетілген мерзімнен тыс Орал мен Атырау қалалары аралығында жоғарғы жылдамтықтағы темір жол магистралын салу;

- темір жол бекеті аудандары Пойма мен Деркөл кенттерінде сұрыпталған темір жол бекеттерін салу.

Әуе көлігі. Қаланы Қазақстанның басқа қалаларымен, сонымен қатар алыс және жақын шетелдермен тікелей байланыстыру үшін маршрут көліктерінің с а н ы н к ө б е й т у ұ с ы н ы л а д ы :

- әуежайдың ұшып-қону жолағын қайта жөндеу мен ұзарту;

- әуежай аумағында халықаралық стандартқа сай жаңа кеден терминалы мен қ о н а қ ү й к е ш е н і н с а л у ;

- ұш а қ п а р к і н ж а ң ғ ы р т у ;
- шойын жол бойындағы ЖЖМ қоймасы Пойма бекетінен өнім желісін әуе
ж а й ғ а д е й і н с а л у .

Су көлігі. Өзен көлі мен жолаушы тасу және жүк айналымының мөлшерін Атырау қаласы мен Каспий теңізіне дейін ұлғайту үшін, Жайық өзені арнасын тереңдетіп және тазарту жұмыстарымен қатар қазіргі заман талабына сай қалалық өзен порты құрылысын салу көзделген.

5. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

Бас жоспар жобасында қаланың инженерлік инфрақұрылымы жөнінде шаралар кешенін әзірлеу берілген.

Сумен қамту

Қаланы сумен жабдықтау жүйесі екі көзден: жер үсті - Жайық өзенінен және жер асты - Камен топтық су құбыры желісі арқылы қамтылады. Қалыпты жұмыс жасау үшін сумен жабдықтау жүйесінің 40 жылдан астам уақыт пайдаланудағы сутартқы ғимараттары мен су тарту станциялары жабдықтарын қайта жаңғырту. Ірі өнеркәсіп кәсіпорындарын техникалық сумен жабдықтау үшін Орал өзенінің суы мен өндірістік кәсіпорындары аумағында орналасқан жер асты сулары қолданылады. 2030 жылға дейін белгіленген мерзім ішінде шамамен 300-350 мың қала тұрғындары тәулігіне 90 мың м³ суды, барлық су көздерінің қоры тәулігіне 104 мың м³ болған кезінде қолданылады.

Бас жоспардың жобасында жер суаратын су көздері болып Орал, Шаған, Деркөл өзендері мен құбырлары қарастырылған. Қала аумағында қазіргі бар, сондай-ақ болашақта салынатын ашық арықтық жүйедегі және жабық суару жүйесіндегі жер суару торабын дамыту ұсынылған. Суару жүйесіне су тарту станциясы көмегімен су жіберу көзделген.

Су шығару

Бас жоспар бойынша канализация жүйесін дамыту бөлімінде жүйенің қызметінің сенімділігін көтеру, жалпы қуаттылығын тәулігіне 60 мың м³ жеткізу көзделеді. Тұжырымдамада өнімділігі тәулігіне 50 мың м³ жасанды биологиялық тазартпалы канализациялық тазарту құрылыстарын іске қосу қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі бар канализация жүйелері мен

құрылымдарын қайта жөндеу, импорт алмастырудың жаңа технологиясы бойынша диаметрі 200-1200 мм керамикалық, шойын, пластикалық тұрбалардан жаңа коллекторлар құрылысын жүргізу көзделеді.

Электрмен жабдықтау

Қаланы электрмен жабдықтаудың негізгі көзі белгіленген қуаттылығы 32 Мвт Орал жылу электр орталығы болып табылады. Қазіргі уақытта қуаттылық жетіспеуіне байланысты жылу электр орталығында қуаттылығы 28,52 Мвт газотурбиналық электрстанциясы салынуда.

Болашақта электрэнергиясының тапшылығын жою, қаланың батыс бөлігінде жобаланып отырған бөлек орналасқан газотурбиналық электрстанциясы құрылысын салу есебінен толықтырылады деп жоспарланып отыр.

Газбен жабдықтау

Қала негізінен табиғи газбен жабдықталады. Газбен жабдықтаудың негізгі көзі - Қарашығанақ газ конденсат орны болып табылады. Қазіргі кезде қала бойынша газдың жалпы шығысы жылына 326 млн. м³ Тұрғындарды табиғи газбен қамтамасыз ету деңгейі 92 пайыз. Сұйытылған газ көбінесе өндірістік кәсіпорындардың технологиялық қажеттіліктеріне беріледі. Сұйытылған газдың шығыны жылына 170 тонна құрайды. Бас жоспардың есептеу мерзіміне тұрғындардың, өндірістік кәсіпорындардың және басқа да жылу тұтынушылардың қажеттіліктеріне кететін газ шығыны шамамен жылына 710 млн. м³.

6. Бас жоспарды іске асыру және оның мониторингі

Бас жоспарды жүзеге асыру және оның мониторингін Орал қаласын дамытуды қамтамасыз ететін Орал қаласының атқарушы органы іске асырады.

Орал қаласының әкімдігі бас жоспардың жүзеге асырылуы туралы қалалықтарды үнемі хабардар етіп отырады. 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған бірінші кезекті қала құрылысы шаралары жоспарын жүзеге асыру нәтижесінде бас жоспарға түзетулер енгізу қажет.

Бас жоспарды, ал қажет болған жағдайда - Орал қаласының қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттарын түзету есепті кезеңнің ішінде әр 5 жыл сайын жүргізіледі.

"Орал қаласының бас жоспары" жобасының техникалық-экономикалық көрсеткіштері

--	--	--	--	--

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Бастапқы жыл - 2001 жыл	Құрылыстың бірінші кезегі - 2005 жыл	Есепті мерзім - 2015 жыл
1	2	3	4	5
1. Аумақ				
1.1 Қаладан тыс аумақтағы қала жерлерінің жалпы көлемі, барлығы	га	19733.43	20266.73	20880.73
Соның ішінде: - Тұрғын-үй құрылыстары	га	1392.83	1593.94	3322.02
олардың ішінде: - үй-жайлық құрылыстар	га	898.87	1593.94	3322.02
- 2-3 қабатты көп пәтерлі үйлер	га	93.86	1022.31	2064.86
- көп қабатты көп пәтерлі үйлер	га	93.86	142.96	595.45
- Қоғамдық құрылыстар	га	335.59	391.0	557.24
- Селитебті аумақтағы қорлар	га	338.68	137.68	141.65
- Жалпы қолданыстағы көгалдық жерлер	га	71.70	356.47	739.84
- Көшелер, жолдар, өткелдер	га	687.77	837.08	1441.00
- Өзге аумақтар	га	1155.76	1254.38	1550.24
Соның ішінде: - өндірістік кәсіпорындар	га	497.64	543.11	679.52
- коммуналды қоймалық	га	406.48	411.86	548.00
- транспорттық	га	251.64	269.41	322.72
- Бос, қолайсыз жерлер және т.б.	га	822.21	690.21	412.59
- Қала ішіндегі транспорттар	га	74.48		79.70

мен темір жолдары аумағы			79.70	
- Сулы аумақтар	га	1400.0	1564.04	1564.04
- Арнайы аумақтар - Бейіттер	га	79.15 30.27	104.65 30.32	81.00 65.00
- Қоқыс тастайтын жер	га	93.2	119.5	151.2
- Ауыл шаруашылығы жерлері	га	4835.29	4710.80	1761.03
- Ормандар	га	7529.18	7529.18	7726.22
- Орман питомнигі	га	-	484.44	484.44
- Бақ, дача, баубақша телімдері соның ішінде: қаланың өзінде	га адам	886.78 210.0	857.78 225.0	838.0 270.0
2. Тұрғындар				
2.1. Қалаға қарайтын мекендердің тұрғындарын қоса есептегенде	мың адам	215.0	225.0	270.0
2.2. сели-тибті аумақ ішіндегі тұрғындардың тығыздығы	адам / га	46.7	44.7	33.5
2.3. Тұрғындардың жас мөлшері құрылымы - 0-15 жасқа дейінгі балалар - еңбекке жарамды жастағы тұрғындар - еңбекке жарамды жастан асқан тұрғындар	мың адам/%	50.4/24.0 128.6/61.25 31.0/14.75	53.65/23.84 137.55/61.16 33.8/15.0	60.12/22.26 166.68/61.74 43.2/16.0
2.4. Тұрғындардың еңбек				

құрылысы - қаланы құрайтын топ - қызмет көрсетуші топ - тұрмысы төмен тұрғындар	мың адам/%	41.8/19.9 24.0/11.4 144.4/68.7	46.7/20.8 27.9/12.4 150.4/66.8	65.5/24.3 46.0/17.0 158.5/58.7
3. Тұрғын үй құрылысы				
3.1. Тұрғын үй қоры, барлығы	Жалпы жердің мың м ²	3853.9	4175.46	6388.12
3.2. Тұрғындардың орташа қамтамасыз етілуі	м ² /адам	18.3	16.55	23.66
3.3. Қабат бойынша тұрғын үй қорының таратылуы - 1-қабатты - 2-3 қабатты - 4-5 қабатты - 9 - 14 қабатты	мың шаршы метр (м ²)	3853.9 904.0 463.0 1604.28 882.62	4175.46 1021.64 514.92 1617.28 1021.62	6388.12 1824.64 1260.91 1787.62 1514.95
3.4. Жаңа тұрғын үй құрылысының қабат бойынша ара қатысы - 1-қабатты - 2-3 қабатты - 4-5 қабатты - 9 - 14 қабатты	Мың шаршы метр/%		327.36/1000 123.44/37.7 51.92/15.8 13.0/4 139/42.5	2352.26/100 819.0/34.8 853.99/36.3 185.94/7.9 493.33
3.5. Тұрғын үй қорының кезеңдік кемуі	мың шаршы метр		5.8	139.6
3.6. Тұрғын үй қорының бір жыл ішінде кемуінің орташа есебі	мың шаршы метр		1.45	14.0
4. Әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы мекемелер				
4.1. Мектеп жасына дейінгі балалар				

мекемесі, барлығы/1000 адамға	орын	4550/21.6	4740/21	8365/31
4.2. Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	32245/153.4	38511/153.4	49220/182.3
4.3. Ауруха- налар, барлы- ғы / 1 0 0 0 адамға	керует	12750/60.7	11100/49.3	15600/57.7
4.4. Емхана- лар, барлығы/ 1000 адамға	кезек - п е н баруы	3540/16.84	4110/18.3	10650/39.44
4.5. Дүкен- дер: барлық сауда алаңы/ 1000 адамға	м ы ң ш а р ш ы м е т р / ш а р ш ы м е т р	36.2/172.0	50.2/223.0	81.2/301.0
4.6. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорында- ры, барлығы/ 1000 адамға	о т ы р у орны	252/10.7	2585/11.5	11910/44.1
4.7. Клубтар, мәдениет сарайлары, барлығы/1000 адамға	орын	1720/8.2	1720/7.64	6720/25
4.8. Театрлар мен концерт залдары, барлығы /1000 адамға	орын	1370/6.5	1720/7.6	2850/10.6
4.9. Қонақ үйлер, барлығы/1000 адамға	орын	840/4.0	840/3.7	1620/6.0
4.10. Тұрмыс- тық қызмет көрсету мекемелері, барлығы/1000 адамға	М ы ң ж ұ м ы с о р ы ы / о р ы ы	0.26/1.24	0.36/1.6	2.26/8.4
4.11. Мүге- дектерге және қарт- тарға ар- налған еңбекке жарамды ету	орын	610/2.9		794/2.9

орталықтары-ның интернат-үйлері, барлығы/1000 адамға			794/3.5	
4.12. Ақылы кем дамыған балаларға арналған балалар үй-интернаттары, барлығы/1000 адамға	орын	201/0.95	352/1.5	352/1.3
4.13. Психоневрология интернаттары, барлығы/1000 адамға	орын	101/0.48	101/0.44	131/0.48
4.14. Медициналық-әлеуметтік оңалту орталығы, барлығы/1000 адамға	керует	30/0.14	30/0.13	50/0.18
5. Қалалық көлік және жалпы қалалық мәні бар магистралдар				
5.1. Қала транспортының жол ұзақтығы соның ішінде: троллейбус автобус	Екі есе жол км.	9 2 92	1 1 6 116	2 5 6 176 8 0
5.2. Көшелер мен магистральдардың желіс ұзақтығы соның ішінде: жалпы қалалық мәндегі магистральдар	км	3 7 9 62	3 7 9 64	4 5 0 72
5.3. Қала салу ішіндегі көше желісінің тығыздығы соның ішінде жалпы қалалық мәндегі; магистральдар км/шаршы км.	км/км ²	8 . 4 1.4	7 . 6 1.3	5 . 6 0.9
6. Инженерлік құрал-жабдықтар				

6.1. Сумен жабдықтау				
6.1.1. Барлығын тұтыну есебі, соның ішінде: - шаруашылық-ауыз су - өндіріс қажеттіліктеріне	мың м ³ /тәулік	61.007 38.584 22.423	82.036 62.091 19.945	121.001 94.934 26.067
6.1.2. Орта тәуліктік тұтыну 1 адамға, оның ішінде: - шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері	л/тәулік	330 184.0	456 276.0	458 352.0
6.2. Кәріз	мың м ³ /тәулік	27.98	58.65	93.18
6.2.1. Ағынды сулардың жалпы түсімі, оның ішінде: - тұрмыстық - өндірістік кәріз		25.39 2.59	54.05 4.60	85.26 7.92
6.3. Электрмен жабдықтау 6.3.1. Электр қуатына сұраныстың болжамы				
Электр қуатын тұтыну есебі, соның ішінде: -коммуналды-тұрмыстық қажеттіліктерге; -өндірістік қажеттіліктерге;	м В т	227.2 111.8 69.8	342.8 181.7 91.7	523.2 285.1 136.8
6.3.2. Электр қуатын бір адамның жылына орташа қолдану есебі, соның ішінде: -коммуналды-	к В т сағ.	1080		1940

тұрмыстық қажеттіліктерге			1520	
6.4. Жылумен жабдықтау				
6.4.1. Максималды жылу қуаты	Г к а л / сағ.	1047	1215	1495
Вентиляция мен жылу қажеттілігі, барлығы		8 5 5	9 4 0	1 1 7 8
Соның ішінде: -коммуналды-тұрмыстық қажеттіліктерге	Г к а л / сағ.	6 4 0	6 7 5	8 8 7
-өндірістік қажеттіліктерге		215	265	291
6.5. Газбен жабдықтау		3 2 6	3 9 6	7 1 0
6.5.1. Табиғи газды тұтыну, барлығы				
Соның ішінде: -коммуналды-тұрмыстық қажеттіліктерге	М л н . м ³ /жыл	5 6	6 6 . 5	8 0
-өндірістік қажеттіліктерге		270	330	630
7.Аумақтарды инженерлік дайындау				
7.1. Жайық, Шаған, Деркөл өзендерінің жағаларын бекіту	км		2.3	19.4
7.2.Топырақты бөгеттер	км		1.2	4.75